

"Батыс Қазақстан облысы Шыңғырлау ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесінің ережесін бекіту туралы

Батыс Қазақстан облысы Шыңғырлау ауданы әкімдігінің 2026 жылғы 18 ақпандағы № 17 қаулысы

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңына сәйкес және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 1 қыркүйектегі № 590 қаулысымен бекітілген Мемлекеттік орган туралы үлгілік ережесін басшылыққа ала отырып аудан әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Осы қаулының қосымшасына сәйкес "Батыс Қазақстан облысы Шыңғырлау ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесінің ережесі бекітілсін.

2. "Батыс Қазақстан облысы Шыңғырлау ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі заңнамамен белгіленген тәртіпте:

- осы қаулыны ресми жариялауды және Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін "Қазақстан Республикасының заңнама және құқықтық ақпарат институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберуді;

- осы қаулыны Шыңғырлау ауданы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

- осы қаулыдан туындайтын өзге де қажетті шараларды қабылдауды қамтамасыз етсін.

3. Шыңғырлау ауданы әкімдігінің 2012 жылғы 26 желтоқсандағы № 220 "Шыңғырлау ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесінің ережесін бекіту туралы" қаулысы жойылсын.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімі аппаратының басшысы А. Бисембаевке жүктелсін.

5. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

М. Өмірәлиев

Шыңғырлау ауданы әкімдігінің

2026 жылғы "18" ақпандағы

№ 17 қаулысына қосымша

"Батыс Қазақстан облысы Шыңғырлау ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі туралы Ереже

1 - тарау. Жалпы ережелер.

1. "Батыс Қазақстан облысы Шыңғырлау ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі (әрі қарай - Бөлім) әлеуметтік серіктестік және халықты әлеуметтік қорғау, арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету, әлеуметтік бағдарламалар, арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету және еңбекші көшіп келушіге рұқсат беру, ұзарту және кері қайтарып алу, жұмыспен қамту саласында жергілікті мемлекеттік басқару функцияларын орындауды жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының мемлекеттік мекемесі болып табылады.

2. Бөлімнің ведомстволары болып табылады:

1) Шыңғырлау ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің "Отбасын қолдау орталығы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

2) Шыңғырлау ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің "Үйде арнаулы әлеуметтік қызмет көрсету орталығы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

3. Бөлім өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына және Заңдарына, Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің актілеріне, өзге де нормативтік құқықтық актілерге, Қазақстан Республикасының Еңбек Кодексіне, Қазақстан Республикасының Әлеуметтік Кодексіне, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Қызметі туралы Заңына сондай-ақ осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

4. Бөлім мемлекеттік мекеменің ұйымдық-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Елтаңбасы бейнеленген мөрі және атауы мемлекеттік тілде жазылған мөртабандары, белгіленген үлгідегі бланкілері, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қазынашылық органдарында шоттары бар.

5. Бөлім азаматтық-құқықтық қатынастарды өз атынан жасайды.

6. Бөлім Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес уәкілеттік берілген жағдайда ол мемлекеттің атынан азаматтық-құқықтық қатынастардың тарапы болуға құқылы.

7. Бөлім өз құзыретінің мәселелері бойынша заңнамада белгіленген тәртіппен Бөлім басшысының бұйрықтарымен және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де нормативтік құқықтық актілерге басқа да актілермен ресімделетін шешімдер қабылдайды.

8. Бөлімнің құрылымы мен штат санының лимиті қолданыстағы Қазақстан Республикасының заңнамасына өзге де нормативтік құқықтық актілерге сәйкес бекітеді.

9. Бөлімнің орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, 091200, Батыс Қазақстан облысы, Шыңғырлау ауданы, Шыңғырлау ауылы, Л.Қылышев көшесі, №91 ғимарат.

10. Мемлекеттік мекеменің толық атауы – "Батыс Қазақстан облысы Шыңғырлау ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі, орыс тілінде - государственное учреждение "Отдел занятости и социальных программ района Шыңғырлау Западно-Казахстанской области" бөлімнің мемлекеттік тілде атауы латын графикасында "Batys Qazaqstan oblysy Şyñğyrlau audanynyñ jümyspen qamtu jäne äleumettik bağdarlamalar bölimi" мемлекеттік мекемесі жазуларымен қолдануға болады және ол мемлекеттік тілдегі атауымен барабар немесе сәйкес келеді деп есептеледі.

11. Осы Ереже Бөлімнің құрылтай құжаты болып табылады.

12. Бөлімнің қызметін қаржыландыру Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес республикалық және жергілікті бюджеттерден жүзеге асырылады.

13. Бөлімге кәсіпкерлік субъектілерімен Бөлімнің өкілеттіктері болып табылатын міндеттерді орындау тұрғысынан шарттық қарым-қатынас жасауға тыйым салынады.

Егер Бөлімге заңнамалық актілермен кіріс әкелетін қызметті жүзеге асыру құқығы берілсе, егер Қазақстан Республикасының заңнамасында өзгеше белгіленбесе, онда алынған кіріс, мемлекеттік бюджетке жіберіледі.

2-тарау. Мемлекеттік мекеменің мақсаттары мен өкілеттіктері, функциялары.

14. Мақсаттары:

1) Қазақстан Республикасы заңнамасының нормаларын мемлекеттік қызмет көрсету саласында сақтау, мемлекеттік қызмет көрсету сапасын арттыру;

2) әлеуметтік саясаттың негізгі бағыттарын әзірлеу және жұмыспен қамту және әлеуметтік көмек көрсету мәселелері бойынша мониторингті жүзеге асыру;

3) жұмыспен қамту мәселелер бойынша мемлекеттік саясатты жүзеге асыру;

4) бюджет қаражаттарын тиімді және мақсатты пайдалануға бақылауды қамтамасыз ету;

5) Қазақстан Республикасының заңнамасымен қарастырылған өзге де міндеттерді жүзеге асыру.

1) жұмыс күшіне деген сұраныс пен ұсынысты талдау, болжау және облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың жергілікті атқарушы органына хабарлау;

2) облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органдарына халықты жұмыспен қамтуға жәрдемдесу шаралары бойынша ұсыныстар енгізу;

3) өңірлік жұмыспен қамту картасын және халықты жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің белсенді шараларын іске асыру;

4) ұлттық жобалар, облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың даму жоспарлары, өңірлік жұмыспен қамту картасы шеңберінде жұмыс орындарының құрылуын мониторингтеуді жүзеге асыру;

5) кәсіпкерлік бастаманы дамыту арқылы ауданның жұмыс орындарын құруды қолдау;

6) облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органдарына жұмыс күшінің мобильділігін арттыру мақсатында адамдардың ерікті түрде қоныс аударуы үшін елді мекендерді айқындау бойынша ұсыныстар енгізу;

7) жұмыс орындарының босау және қысқару тәуекелдері бар ұйымдарды мониторингтеуді жүзеге асыру;

8) халықты жұмыспен қамтуға жәрдемдесуді қамтамасыз ету мақсатында еңбек мобильділігі орталықтарымен өзара іс-қимыл жасау;

9) Бөлімнің қарауындағы арнаулы әлеуметтік көрсетілетін қызметтерді ұсынатын субъектілерді құру және олардың қызметі;

10) арнаулы әлеуметтік қызметтерді ұсынатын субъектілердің арнаулы әлеуметтік көрсетілетін қызметтердің кепілдік берілген көлемін ұсынуы;

11) Бөлімнің қарауындағы арнаулы әлеуметтік көрсетілетін қызметтерді ұсынатын субъектілерді кадрлық жұмыстары оларды қамтамасыз етуді, әлеуметтік жұмыскерлерді және жеке құрамды кәсіптік даярлауды, қайта даярлауды және олардың біліктілігін арттыру бойынша жұмыстарына бақылау жүргізу, ұсыныстар енгізу;

12) халықтың арнаулы әлеуметтік көрсетілетін қызметтерге деген қажеттіліктеріне талдау жүргізу;

13) арнаулы әлеуметтік көрсетілетін қызметтерді ұсыну және арнаулы әлеуметтік көрсетілетін қызметтерге деген қажеттілікті бағалау мен айқындау жөніндегі көрсетілетін қызметтер бойынша мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру, сондай-ақ мемлекеттік әлеуметтік тапсырысты орналастыру;

14) арнаулы әлеуметтік көрсетілетін қызметтерді ұсыну жүйесін дамыту жөнінде шаралар қабылдау;

15) арнаулы әлеуметтік көрсетілетін қызметтерді ұсыну мәселелері бойынша жеке, заңды тұлғалармен және мемлекеттік органдармен өзара іс-қимыл жасау;

16) қарттар мен мүгедектігі бар адамдарды (балаларды) және өмірлік қиын жағдайдағы отбасыларды өнімді еңбекке тарту және олардың физикалық және психикалық денсаулығын (ұзақ өмір сүруін) ұзарту, әлеуметтік көмек көрсету және қайырымдылық көмек көрсетуді үйлестіру;

17) мүгедектігі бар адамдарды және мүгедектігі бар балаларды жеке бағдарламаға сәйкес санаторийлік-курорттық емдеуді қамтамасыз ету;

18) мүгедектігі бар адамдарды жеке бағдарламаға сәйкес техникалық көмекші (компенсаторлық) құралдармен және (немесе) арнаулы жүріп-тұру құралдарымен қамтамасыз ету;

19) жеке бағдарламаға сәйкес жүріп-тұруы қиын, бірінші топтағы мүгедектігі бар адамдар үшін жеке көмекшінің, есту қабілеті бойынша мүгедектігі бар адамдар үшін ымдау тілі маманының көрсетілетін қызметтерімен қамтамасыз ету;

20) мүгедектігі бар адамдарға Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген қосымша әлеуметтік көмек шараларын ұсыну;

21) өмірде қиын жағдайға тап болған адамдарды (отбасыларды) мемлекеттік органдардың құзыреті шегінде жан-жақты қолдаумен қамту жөніндегі жұмысты үйлестіру;

22) әлеуметтік көрсетілетін қызметтер порталы арқылы немесе Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасына сәйкес мүгедектігі бар адамдарды инвентармен тасымалдау жөніндегі көрсетілетін қызметтерді ұйымдастыру және үйлестіру;

23) қарттар мен мүгедектігі бар адамдарды (балаларды) және өмірлік қиын жағдайдағы отбасыларды өнімді еңбекке тарту және олардың физикалық және психикалық денсаулығын (ұзақ өмір сүруін) ұзарту мақсатында әлеуметтендіру жөніндегі жұмысты ұйымдастыру және үйлестіру;

24) Қазақстан Республикасының Әлеуметтік Кодексінің 20-бабы және 96,97,98,99, 100,101,102,103-баптарын, 4,5,6,11,13,14,16,17 тарауларын және 12-тараудың 1,2,3-параграфтарындағы жұмысты ұйымдастыру және үйлестіру;

25) Қазақстан Республикасының заңнамасында аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) жергілікті атқарушы органдарына жүктелетін өзге де өкілеттіктерді жергілікті мемлекеттік басқару мүддесінде жүзеге асыру арқылы қамтамасыз етеді.

15. Өкілеттіктері:

1) құқықтары:

Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес, әлеуметтік көмекке талапкерлерден қажетті құжаттарды сұрау, ұсынылған құжаттардың анықтығын тексеруді жүзеге асыру;

Бөлімнің компетенциясына кіретін мәселелер бойынша мемлекеттік және басқа да органдардан тегін негізде ақпарат сұрау және алу;

Бөлімнің құзыретіне кіретін мәселелер бойынша белгіленген тәртіпте семинарлар мен отырыстарды өткізу;

ішкі қолдану үшін пайдаланатын ұсынылған құжаттардың көшірмесін растау;

Бөлімнің қызметкерлердің біліктілігін арттыруды қамтамасыз ету;

қажетті мемлекеттік қызмет көрсету үшін қосымша ақпарат алуға сұрау салу арқылы тиісті мемлекеттік органдарға жүгіну;

Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамада көзделген және нормативтік актілеріне сәйкес комиссиялар құру;

қолданыстағы заңнамалық актілермен қарастырылған өзге де құқықтар мен міндеттерді жүзеге асыру;

2) міндеттері:

мемлекеттік қызметтерді көрсету қағидаларына сәйкес мемлекеттік қызметтерді уақтылы көрсетуді қамтамасыз ету;

Бөлімнің құзыретіне жататын мәселелер бойынша жоғары тұрған органға тиісті ақпарат беру;

Бөлім әкімші болып, тиісті мәслихатпен бюджеттік бағдарламаларды бекіту үшін аудан әкімдігіне енгізу;

жергілікті бюджеттің (нақтылауымен) бекітуімен аудан мәслихаты сессияларының жұмысына қатысу;

Бөлімнің құзырына жататын мәселелерді шешу жөнінде аудан әкімінің қарауына ұсыныстар енгізу;

Бөлімге жүктелген қажетті жұмыстарды орындау үшін мемлекеттік органдардан ақпараттық, әдістемелік, нормативтік материалдарды, статистикалық мәліметтерді алу;

заңнамалық белгіленген тәртіппен қоғамдық мониторинг жүргізетін үкіметтік емес құрылымдарға тиісті ақпаратты ұсыну;

жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау;

Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзге де міндеттерді орындау.

16. Функциялары:

1) Қазақстан Республикасының 2023 жылғы 20 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Әлеуметтік кодексіне және Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары - Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2023 жылғы 21 маусымдағы № 227 "Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмекті тағайындау және төлеу қағидаларын бекіту туралы" бұйрығына сәйкес атаулы әлеуметтік көмекті тағайындау және төлеу жұмыстарын ұйымдастыру.;

2) Батыс Қазақстан облысы Шыңғырлау аудандық мәслихатының "Шыңғырлау ауданының әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың қағидаларын бекіту туралы" қаулысына сәйкес аз қамтылған отбасыларына көмек көрсету.;

3) Батыс Қазақстан облысы Шыңғырлау аудандық мәслихатының "Шыңғырлау ауданында тұрғын үй көмегін көрсетудің мөлшерін және тәртібін айқындау туралы" қаулысына сәйкес жұмыстарды жүргізу.;

4) Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылғы 24 маусымдағы № 429 "Мәліметтерді таратылуы шектелген қызметтік ақпаратқа жатқызу және онымен жұмыс істеу қағидаларын бекіту туралы" қаулысымен бекітілген Мәліметтерді таратылуы шектелген қызметтік ақпаратқа жатқызу және онымен жұмыс істеу қағидаларына сәйкес қабылдауды және есепке алуды (тіркеуді) мемлекеттік органның құжаттамалық қызметін жүзеге асыру.;

5) Қазақстан Республикасының 2020 жылғы 6 мамырдағы № 322-VI "Ардагерлер туралы" Заңына сәйкес бір рет және мерзімді әлеуметтік көмек көрсету.;

6) Қазақстан Республикасы Мемлекеттік хатшысының 2015 жылғы 30 қазандағы № 8 "Жалпыға ортақ Еңбек Қоғамы идеясын ілгерілету жөніндегі іс-шаралар жоспарын

бекіту туралы" өкіміне сәйкес "Еңбек жолы" еңбек әулеттері арасында конкурс өткізуді ұйымдастыру.

7) Қазақстан Республикасы Президентінің 2008 жылғы 23 қаңтарындағы № 523 "Бизнестің әлеуметтік жауапкершілігі жөніндегі "Парыз" конкурсы туралы" Жарлығына сәйкес жыл сайын аудан бойынша "Парыз" республикалық конкурсын ұйымдастыру.;

8) Мемлекеттік отбасы саясатының шараларын іске асыратын, сондай-ақ өмірлік қиын жағдайға тап болған адамдарды (отбасыларды) жан-жақты қолдауды, тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алуды жүзеге асыру бойынша жұмыстарды іске асыру. Отбасы қолдау орталығының жұмысын үйлестіру;

9) "1 қазан –Қарттар күні" мерекесіне орай тыл еңбеккерлеріне, еңбек ардагерлеріне мереке ұйымдастыру.;

10) Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және мемлекеттік қызмет көрсету кезіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін жою мақсатында әлеуметтік желілерде мақала жариялау.;

11) Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2022 жылғы 15 сәуірдегі № 123 "Еңбекші көшіп келушілерге рұқсаттар беру, ұзарту және кері қайтарып алу қағидаларын бекіту туралы" бұйрығына сәйкес мемлекеттік қызметті "Шетелдік жұмыс күші" автоматтандырылған ақпараттық жүйесінде мемлекеттік көрсетілетін қызметтің көзделген талаптарына сәйкестігін тексеру және жұмыстарын жүргізу.;

12) Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2021 жылғы 25 наурыздағы № 84 "Әлеуметтік-еңбек саласында мемлекеттік қызметтерді көрсетудің кейбір мәселелері туралы" бұйрығымен бекітілген Семей ядролық сынақ полигонындағы ядролық сынақтардың салдарынан зардап шеккен азаматтарды тіркеу, біржолғы мемлекеттік ақшалай өтемақы төлеу, куәлік беру мемлекеттік қызметін көрсету қағидаларына сәйкес түскен өтініштерін уақытылы тіркеу және жұмыстарын жүргізу.;

13) "Е-Собес" бағдарламасы бойынша жұмыстар жүргізу. "Отбасының цифрлық картасы" автоматтандырылған жүйесінде мемлекеттік қызметтер көрсетуді жүзеге асыруды ұйымдастыру.;

14) Қайырымдылық акциясы шеңберінде өтетін іс-шаралардың орындалуын қадағалап, айлық есеп тапсыру. Тоқсан сайын атқарылған жұмыстардың ұйымдастырылуы жөнінде талдау жасап, есеп беру.;

15) "Е-Акимат" автоматтандырылған жүйесінде мемлекеттік қызметтер көрсетуді жүзеге асыруды ұйымдастыру.;

16) Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 8 қаңтардағы № 9 "Облыстың республикалық маңызы бар қаланың, астананың деңгейінде әлеуметтік–экономикалық даму болжамын әзірлеу тәртібі" Әлеуметтік-экономикалық даму болжамын әзірлеу қағидалары мен мерзімдерін бекіту

туралы" бұйрығына сәйкес Батыс Қазақстан облысының жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасына ұсыныстар енгізу.;

17) Батыс Қазақстан облысы жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасына айлық, тоқсандық, жылдық есептерді уақытында тапсыру.;

18) "АМАНАТ" партиясының жылдарға арналған сайлауалды бағдарламасын орындау жөніндегі жол картасына сәйкес әлеуметтік нысандардың 4 санатты мүгедектігі бар адамдарға (тірек-қимыл аппараты бұзылғандар, кресло-арбамен қозғалатындар, көзі нашар көретіндер, құлағы нашар еститіндер) қолжетімділігін қамтамасыз ету бойынша ауданда орналасқан мекемелерді бейімдеу жұмыстарының жүргізілуін және жылдық жоспардың көрсеткішін орындау;

19) Қазақстан Республикасының 2023 жылғы 20 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Әлеуметтік кодексіне және Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 11 шілдедегі № 343 "Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау туралы" Заңына сәйкес, аудан бойынша мүгедектігі бар адамдарды әлеуметтік қорғау мақсатында қоғамдық қатынастарды реттеу жұмыстарын жүргізу.;

20) Көшпелі медициналық-әлеуметтік сараптама мәжілістеріне қатысу.;

21) Егде жастағы және мүгедектігі бар адамдарды, өмірлік қиын жағдайға тап болған адамдарды физикалық және психикалық денсаулығының ұзақтығын арттыру үшін белсенді іскерлік өмірге әлеуметтендіру (соның ішінде мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс аясында).;

22) Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары - Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2023 жылғы 30 маусымдағы № 283 " Мүгедектігі бар адамды абилитациялаудың және оңалтудың жеке бағдарламасына сәйкес мүгедектігі бар адамдар мен мүгедектігі бар балаларға санаторийлік-курорттық емдеуді ұсыну қағидаларын бекіту туралы" бұйрығын басшылыққа ала отырып, мүгедектігі бар адамдарға берілетін техникалық көмекші (орнын толтырушы) құралдар мен арнаулы жүріп-тұру құралдарының және сурдотифлотехникалық, санаторий-курорттық емделумен қамтамасыз ету жөнінде жеке оңалту бағдарламасының орындалуын ұйымдастыру, көрсетілетін мемлекеттік қызметтердің стандартқа сай орындалуын және "Е-Собес" ААЖ бағдарламасына уақытылы енгізу жұмыстарын жүргізу.;

23) Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары - Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2023 жылғы 30 маусымдағы № 286 " Мүгедектігі бар адамды абилитациялаудың және оңалтудың жеке бағдарламасына сәйкес есту кемістігі бар мүгедектігі бар адамдар үшін ымдау тілі маманының

қызметтерін ұсыну қағидаларын бекіту туралы" бұйрығына сәйкес, мүгедектігі бар адамдарды абилитациялаудың және оңалтудың жеке бағдарламасын жүзеге асыру, оларды қамтамасыз ету.;

24) Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрінің м.а. 2013 жылғы 1 қарашадағы № 859 "Автомобиль көлігімен мүгедектігі бар адамдарды тасымалдау жөнінде қызметтер көрсету қағидаларын бекіту туралы" бұйрығына сәйкес жұмыстарды ұйымдастыру, жүзеге асыру (соның ішінде мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс аясында).;

25) Қазақстан Республикасының Заңы 2016 жылғы 30 желтоқсандағы № 38-VI "Пробация туралы" Заңына сәйкес жергілікті атқарушы органдары пробация қызметінің есебінде тұратын адамдарға Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес оларды әлеуметтік бейімдеу және оңалту арқылы әлеуметтік-құқықтық және өзге де көмек көрсетуді ұйымдастыру, жүзеге асыру (соның ішінде мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс аясында).;

26) Қазақстан Республикасының 2020 жылғы 29 маусымдағы № 350-VI Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексіне сәйкес бөлімге келіп түскен өтініштерді, жалпы бөлімдегі әкімшілік рәсімдерді жүзеге асыруды сапалы және уақытылы орындалуын қадағалау.;

27) Қазақстан Республикасы Еңбек және Халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2022 жылғы 28 ақпандағы № 78 "Ақталған адамға куәлік беру қағидаларын және ақталған адам куәлігінің үлгісін бекіту туралы" бұйрығына сәйкес мемлекеттік көрсетілетін қызмет жұмыстарын жүргізу.;

28) Мүгедектігі бар балаларды үйде оқытуға жұмсалған шағындардың уақытылы өтеу және "Е-Собес" ААЖ бағдарламасына тіркеу жұмыстарын жүргізу.;

29) Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары-еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2023 жылғы 29 маусымдағы №263 бұйрығына сәйкес оңалту орталығына абилитация және оңалтуға құқығы бар азаматтарды жолдау жұмыстарын жүргізу.;

30) "Цифрлық Қазақстан" мемлекеттік бағдарламасының бағытын дамыту, жүзеге асыру мақсатында бөлімде көрсетілетін мемлекеттік қызметтердің кезең-кезеңмен цифрландыру.;

31) "1 маусым- халықаралық балаларды қорғау күні" мерекесіне орай мүгедектігі бар балалар үшін сыйлықтар тасбыстауды ұйымдастыру.

32) Мүмкіндіктері шектеулі жандар арасында аудандық шығармашылық фестиваль байқауын ұйымдастыру.

33) "Қарлығаш-әр үйге бақыт ұяласын" атты облыстық фестиваліне мүгедектігі бар баланы тәрбиелеп отырған отбасыны дайындап, қатыстыру.

34) Ауданның мүмкіндігі шектеулі адамдар арасында мерекеге орай спорт түрлері бойынша жарыстар өткізу. Аудандық-қоғамдық саяси газетіне мақала жариялау.

35) Қайырымдылық айлығына байланысты мүгедектігі бар адамдарға арналған қайырымдылық акциясын өткізу.

36) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамаларына сәйкес Бөлімдегі мемлекеттік әкімшілік қызметшілердің кадр құжат айналымдарын "Е-қызмет" бағдарламасымен жұмыстар жүргізу рәсімдеу.

37) Аудан бойынша ұжымдық шарттардың және меморандумдардың жасалуын қадағалау бақылау.

38) Әлеуметтік әріптестік пен әлеуметтік және еңбек қатынастарын реттеу жөніндегі аудандық үш жақты комиссиясы отырыстарын ұйымдастыру жоспарының орындалуын қадағалау.

39) Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2023 жылғы 7 маусымдағы № 207 "Мүгедектігі бар адамдар үшін жұмыс орындарын квоталау қағидаларын бекіту туралы" және Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2023 жылғы 17 қазандағы № 446 "Ата-анасынан кәмелеттік жасқа толғанға дейін айырылған немесе ата-анасының қамқорлығынсыз қалған, білім беру ұйымдарының түлектері болып табылатын жастар қатарындағы азаматтарды, бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдарды, пробация қызметінің есебінде тұрған адамдарды жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындарын квоталау қағидаларын бекіту туралы" Заңдарына сәйкес жұмыстарды ұйымдастыру, жүзеге асыру.

40) "Қазақстан Республикасының 2023 жылғы 20 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Әлеуметтік кодексіне сәйкес Халықты жұмыспен қамту саласындағы жұмыстардың жүргізілуін жүзеге асыру мақсатында аудандық мансап орталығының жұмыстарын ұйымдастыру. Мансап орталығының саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру. Мансап орталығының жұмысын үйлестіру.

41) Мүгедектігі бар балалар үшін "Жаңа жыл" мерекесін ұйымдастыру.

42) Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және мемлекеттік қызмет көрсету кезіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін жою мақсатында әлеуметтік желілерде мақала жариялау.

43) Жылдық шығыс жобасын әзірлеу, бекіту, ұсыну.

44) Тиісті бекітілген штаттық кесте бойынша қызметкерлердің еңбек ақыларын сапалы және уақытылы есептеу, төлеу, және зейнетақы қорларымен жұмыстарды жүргізу.

45) Жұмсалған қаржы бойынша құжаттарының дұрыс рәсімделуін, олардың заңдылығын қадағалау.

46) Бөлімнің мемлекеттік сатып алу жұмыстарын жүргізу, бөлімге кеңселік, техникалық, шаруашылық құрал жабдықтарды, жалпы қажетті тауар, жұмыс, қызметтерді сатып алу жұмыстарына қатысты жұмсалған қаржы құжаттарының дұрыс рәсімделуін, олардың заңдылығын қадағалау.

47) Бөлімге түскен тапсырмаларды сапалы және уақытылы орындау.

48) Негізгі құралдардың есептен шығару жұмыстарын жүргізу.

49) Бөлімнің бухгалтерлік есебін жүргізу, ол бойынша тиісті есептерді сапалы және уақытылы тапсыру.

50) Бөлімге қарасты коммуналдық мемлекеттік мекемелерінің бюджетіне мониторинг жүргізіп, орындалуын қадағалау.

51) Мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс бойынша жұмыстарға бөлінген қаражаттардың мақсатты, сапалы орындалуын қадағалау.

52) Ақпараттық қауіпсіздік шараларын сақтау және ақпараттық-коммуникациялық технологиялар және ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы техникалық құжаттамадағы міндеттерді орындау. "Шыңғырлау ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесінде ақпараттандыру және ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету.

53) Нормативтік құқықтық актілерге, бөлімнің Ережесіне сәйкес басқа да белгіленген міндеттерді атқару.

3-тарау. Мемлекеттік органның бірінші басшысының мәртебесі, өкілеттіктері

17. Бөлімді басқаруды бірінші басшы жүзеге асырады, ол Бөлімге жүктелген міндеттердің орындалуына және оның өз өкілеттіктерін жүзеге асыруына дербес жауапты болады.

18. Бөлімнің бірінші басшысы аудан әкімімен Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес лауазымға тағайындалады және лауазымнан босатылады.

19. Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес лауазымға тағайындалатын және лауазымнан босатылатын орынбасары болады.

20. Бөлімнің бірінші басшысының өкілеттілігі:

1) Бөлімнің міндеттері мен өкілеттіліктерін, сонымен қатар бөлімшенің функцияларын анықтайды;

2) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес, Бөлімнің қызметкерлерін, Шыңғырлау ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөліміне қарасты коммуналдық мемлекеттік мекемелерінің басшыларын лауазымға тағайындайды және лауазымнан босатады;

3) заңнамамен белгіленген тәртіпте Бөлімнің қызметкерлеріне және қарасты коммуналдық мемлекеттік мекемелерінің басшыларына қойылған тәртіп бойынша тәртіптік жаза қолданады;

4) құзыреті шегінде Бөлім бойынша бұйрықтар шығарады, қызметтік құжаттамаларға қол қояды;

5) Бөлімнің қызметкерлеріне материалдық көмек көрсету және көтермелеу туралы шешімдер қабылдайды;

6) Бөлімнің мүдделерін мемлекеттік органдар мен басқа да мекемелерге ұсынады;

7) аудан әкімдігі мен әкімінің алдында өзінің жұмысы мен мекемедегі қызметі туралы есеп береді;

8) өз құзыреті шегінде Бөлімнің қаражаты мен мүлігіне иелік етеді;

9) өзінің өкілеттілігінің шегінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы әрекет етуге міндетті және Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасының талаптарын сақтау;

10) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес бөлімнің басқа да өкілеттіліктерін жүзеге асырады.

11) Бөлімнің бірінші басшысы болмаған кезеңде оның өкілеттіктерін қолданыстағы заңнамаға сәйкес оны алмастыратын тұлға жүзеге асырады.

21. Бірінші басшы өз орынбасарларының болған жағдай да өкілеттіктерін қолданыстағы заңнамаға сәйкес айқындайды.

4-тарау. Мемлекеттік органның мүлкі

22. Бөлімнің заңнамада көзделген жағдайларда жедел басқару құқығында оқшауланған мүлкі болуы мүмкін.

23. Бөлімнің мүлкі оған меншік иесі берген мүлік, сондай-ақ өз қызметі нәтижесінде сатып алынған мүлік (ақшалай кірістерді қоса алғанда) және Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де көздер есебінен қалыптастырылады.

24. Бөлімге бекітілген мүлік коммуналдық меншікке жатады.

25. Егер заңнамада өзгеше көзделмесе, Бөлім өзіне бекітілген мүлікті және қаржыландыру жоспары бойынша өзіне берілген қаражат есебінен сатып алынған мүлікті өз бетімен иеліктен шығаруға немесе оған өзгедей тәсілмен билік етуге құқығы жоқ.

5-тарау. Мемлекеттік мекемені қайта ұйымдастыру және тарату

26. Бөлімді қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.